ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
ШЕШІМ
(Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралған)

2023 жылғы 06 қазан Іс № 3514-23-00-2/4845 Қарағанды қаласы

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында
төрағалық етуші судья Г.О.Тастанбаева
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы «Қарқаралы қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«FG Morgan» жауапкершілігі шектеулі серіктестік

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

Аталған іс Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 21-1 тармағына сәйкес, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралуға жатады.

Сот ұйғарымымен жауапкерге құжаттар мен дәлелдемелерді қоса бере отырып, талап қоюға пікір (қарсылық) беруге ұсынылған болатын, бірақ бұл құқығын жүзеге асырмады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж, жауапкерден мемлекет пайдасына өндіріліп алынады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 267-4- бабын басшылыққа ала отырып, судья

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап кою - қанағаттандырылсын.

«FG Morgan» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Мемлекет кірісіне «FG Morgan» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттік баж 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья: Г.О.Тастанбаева

Көшірме дұрыс

Шешім заңды күшіне енген жоқ

Судья: Г.О.Тастанбаева

Шешім заңды күшіне енді 13.11.2023 ж.

Судья: Г.О.Тастанбаева

Құжатқа қол қойылған: Тастанбаева Г. О., 06.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 13.11.2023 Судья Тастанбаева Г. О. 10.01.2024

3514-23-3-1/5125